

Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасы

«Ұстазым-менің ұстазым»

(бейнероликтер мен құттықтаулар)

Балабақша әдіскері: Уразалина Г.Б.

2021 жыл, қазан.

Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік!

Ұстаздар күні мерекесіне арналған "Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік!" атты мерекелік тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

"Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға", - деп Абай атамыз айтқандай "Ұстаз" сөзі ұлағатты есім, шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегі ұшан-теңіз. Алдымызда отырған балалардың бір-бір кірпіш болып қалануы, осы ұстаздардың арқасы. Сондықтан да осы сағатымызды ұстаздарға арнаймыз. Сіздердің шәкірт тәрбиелеп, білім беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін!

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке,
Отбасында болсын ырыс-береке.
Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді,
Өмір - думан, бақ әкелсін мереке!
Олай болса мерекелік сағатымызды ашу құрметін балабақша меңгерушісі
Лаззат Бауржановнаға береміз.
Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар, жанды ұғып?!
Ұстаз деген ұлылардың ұлысы,
Қасиетіне бас иейік мәңгілік! - деп, келесі сөзді кәсіподақ төрайымы
Алтынай Даулеткереевнаға береміз.
Ұстаз деген жарық күні ғаламның,
Ұстаз деген анасы ол адамның.
Бүкіл адам мойындайды еңбегін,
Сен де одан адам болып жаралдың!
Ендігі кезекте "Ұстазым" әнін қабыл алыңыздар. Орындайтын: Амангүл
Рахметуллаевна.

Ұстаздар ұлттық тірегі,
Ұстаздар мектеп жүрегі.
Ұрпаққа жетер ұстазбен,
Халықтың ұлы тілегі.
Хан бол мейлі, қара бол,
Дарын бол мейлі, дара бол.
Өтетін бәрі алдынан,
Ұстаздар бейне сара жол.

Ән: «Ұстаз» Орындайтын: Амангүл Такировна
Құрметті ұстаздар! Ұстаздар күніне арналған "Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік!" атты мерекелік жиынымызды аяқтаймыз.

Бүгінгі күн құшақтары гүлге толсын,
Дендеріңнің саулығы мықты болсын!
Білімімен суарған шәкірттерін
Төл мерекенің ұстаздар, құтты болсын!
Көңіл қойып тындағандарыңызға көп-көп рахмет!




просмотров · Нравится gulim_bekenova
bolashak_bb 02.10.2021 жыл.
Балабақша түлегі Керей Жұлдыз Саламатқ
отреть все комментарии (2)
tanat7937 Рахмет Жұлдыз, тілегіне: Оқуда



137 просмотров · Нравится gulim_bekenova
bolashak_bb 03.10.2021 жыл
Балабақша түлектерінен мерекелік құттықтау.



89 просмотров · Нравится paizaliev_aigul
bolashak_bb Жангел, Улданай Раана



76 просмотров · Нравится gulim_bekenova
bolashak_bb Поздравление воспитанников группы
Балышшо с днём учителя.

